



Васко да Гама



Васко да Гама 1469 жылы Синеш қаласында Сантьяго Эштеван де Гаманың отбасында дүниеге келген. Анасы - Изабела Содре. Португал патшасы Мануэл I Эштеван де Гамаға Үндістанға экспедиция жасауды тапсырды, бірақ ол қайтыс болғандықтан, оның ісін баласы - Васко до Гама жалғастырды.

Португалия. XV ғасыр



Құрметті Васко,
саған Үндістанға
баратын жолды
тапсырамын!

Бұйрығыңыз
орындалады,
патшам!



1497 жылы 8 маусымда Васко до Гаманың төрт кемелі экспедиясы Лиссабон портынан шығады. 4 қарашада Африка жағалауына келеді. Бұл жерді адмирал «Дулие Елена» қойнауы деп атайды. Бұдан әрі жүзіп, өздерімен бірге келе жатқан Бартоломидің көрсетуімен Африка материгінің оңтүстік нүктесі «Қайырымды үміт» мүйісін айналып өтіп, 1497 жылы 25 қарашада Санто Барс қойнауына келіп бөгеледі. 1498 жылы 23 қаңтарда Эскадра Замбези өзенінің жағасына жетіп, мұнда бір ай бөгеледі. Үнді мұхитынан жүзіп өтуге дайындық жасайды. Кемелерін бүтіндейді, ауырып өлген матростарды жерлейді

Бұдан әрі жағалауға жақындай жүзіп, аралға келіп тоқтайды, мұндағы қаланы Момбаса деп атайды. Мұндағы Маврлар (мұсылмандар) Васко да Гамманы қалаға шақырып, қолға түсірмек болады, оны сезген адмирал аралда аялдамайды. 14 сәуірде флот Малинда қаласына келіп тоқтайды. Бұл өте бай мұсылман қаласы еді, қала сұлтанына сыйлық беріп, азық-түлік алады және сұлтан Васко да Гаммаға тәжірибелі лоцман қосып береді. Оның аты Ахмет Ибн Маджит еді, оны португалдар Малемо Кана деп атайды. Ол бұрын Үндістанда болған, компас пен картаны пайдалана білетін тәжірибелі теңізші екен.



Соның жол сілтеуімен Васко да Гамма ұзақ жүріп, 1498 жылы 10 мамырда Үндістан жағалауындағы қалаға Каликутке келеді



Каликут раджасы мұндай арнайы келген жауға қарсылық көрсетпей, оның айтқанын істеп, сауда жасауға келісті. Васко да Гама маған қала төрт сағат ішінде бағынсын деп елші жіберді. Бірақ раджа жауап қатпады, төрт сағат өткен соң Васко да Гама жергілікті халықты қырғынға ұшыратып басып алды, бұдан әрі Цейлон, Сумрата, Ява аралдарына дейін барды, алтын асыл тастарды тонап, кемеге тиеді



Бұл қаланың тұрғындары маған бағынсын!





Еуропа мен Азияны
байланыстыратын
тікелей теңіз жолын
ашып, елге оралған Васко
да Гаманы өз елі
құрметпен қарсы алды,
патшаның сыйлығына ие
болды



Васко да Гаманың құрметіне «Васко да Гама»
Бразилиялық футбол клубы аталды
Гоадағы Васко да Гама қаласы бар
1935 жылы Васко да Гаманың құрметіне айда кратер
аталды.

2012 жылы Еуропалық ғылыми-өнеркәсіптік консорциум
Васко да Гама (Medal «European scientific and industrial
consortia Vasco da Gama») атындағы алтын медальді
бекітті.



Еуропадағы ең ұзын Васко
да Гама атындағы көпір
Лиссабон қаласында
Тежу өзенінің бойында
орналасқан

Тапсырма: Васко да Гаманың жүріп өткен жолдарын
картаңыз түсіріңіз



Васко да
Гаманың
саяхатының
оң және теріс
салдарына баға
беріңіз
